

Балқаш қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 18/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабы 2 тармағына сәйкес, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Балқаш қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Балқаш қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі (М.А. Камелбекова) және мүдделі мемлекеттік мекемелер заңнамада белгіленген тәртіппен, осы қаулыдан туындайтын тиісті жұмысты жүргізсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкім аппаратының басшысы Болат Серикулы Асылбековке жүктелсін.

Балқаш қаласының әкімі

А. Аглиулин

Балқаш қаласы әкімдігінің
2016 жылғы "12" мамырдағы
№ 18/02 қаулысына
қосымша

Балқаш қаласы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Балқаш қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 36/01 "Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындар квотасын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-4-201 болып тіркелген, 2010 жылғы 26 қарашадағы № 141-142 (11654) "Балқаш өңірі" және № 136-137 (695) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

2. Балқаш қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 23 қарашадағы № 47/16 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар, сондай-ақ, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар және интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8-4-258 болып тіркелген, 2011 жылғы 23 желтоқсандағы №146-147 (11815) "Балқаш өңірі" және №143-144 (853) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

3. Балқаш қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 02/04 "Балқаш қаласы

әкімдігінің 2010 жылғы 29 қазандағы "Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындар квотасын белгілеу туралы" № 36/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-4-268 болып тіркелген, 2012 жылғы 17 ақпандағы №19-20 (11838) "Балқаш өңірі" және №19-20 (876) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

4. Балқаш қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 21 ақпандағы № 04/31 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғалары үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Балқаш қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 23 қарашадағы № 47/16 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2270 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 сәуірдегі №39-40 (12003) "Балқаш өңірі" және №38-39 (1076) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

5. Балқаш қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 45/02 "Балқаш қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 26/05 "Нысаналы топтардың қосымша тізбесі туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2836 болып тіркелген, 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 136 (12242) "Балқаш өңірі" және № 135 (1313) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

6. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 02/01 "Балқаш қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2962 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 ақпандағы № 16-17 (12267) "Балқаш өңірі" және № 16-17 (1338) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

7. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 07/02 "Балқаш қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3030 болып тіркелген , 2015 жылғы 18 наурыздағы №29 (12279) "Балқаш өңірі" және №29 (1350) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

8. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 07/05 "Балқаш қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3064 болып тіркелген , 2015 жылғы 03 сәуірдегі №35-36 (12286) "Балқаш өңірі" және №35-36 (1357) " Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

9. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 07/06 "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3063 болып тіркелген, 2015 жылғы 08 сәуірдегі №37 (12287) "Балқаш өңірі" және 2015 жылғы 03 сәуірдегі №35-36 (1357) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

10. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 30/03 "Балқаш қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3412 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қыркүйектегі №106 (12356) "Балқаш өңірі" және №106-107 (1428) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

11. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 30/10 "Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3411 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қыркүйектегі №106 (12356) "Балқаш өңірі" және №106-107 (1428) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

12. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 40/03 "Балқаш қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3520 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №136-137 (12387) "Балқаш өңірі" және №137-138 (1459) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

13. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 51/01 "2016 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін Балқаш қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің тізбесін, жұмыстардың түрлерін, нақты жағдайларын, көлемдерін және еңбекақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3614 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 қаңтардағы №6-7 (12400) "Балқаш өңірі" және №7-8 (1472) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы;

14. Балқаш қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 04/04 "Нысаналы топтардың қосымша тізбесі туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3680 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 наурыздағы №29 (12422) "Балқаш өңірі" және №24 (1488) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысы.